


АЛҒЫЛКҰВЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Жанұзақ Қасымбайұлының еңбектерінің маңызы ерекше, шоқтығы әрқашан биік.

Жанұзақ Қасымбайұлының ғылыми мұрасы өте бай. Қазақстан тарихының төңкеріске дейінгі, әсіресе, XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бірінші ширегін қамтитын кезеңнің ең күрделі мәселелеріне арналған зерттеулері ешқашан тарихи маңыздылығын жоймайтын құнды еңбектер. Керісінше, күн өткен сайын профессор шығармаларының бағасы артып, қазақ тарихын білгісі келетін зиялы қауымның іздеп жүріп оқитын кітаптарына айналып, үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Көпшілікке белгілі, коммунистік идеологияның күшейіп, қылышынан қан тамып тұрған кезінде тарихты таптық көзқарас негізінде зерттеп, компартия тарихының әсіребелсенді зерттеушісі болған кейбір тарихшылар қазақ халқының өткен тарихына, әсіресе, ел тәуелсіздігі үшін күрескен батырлар мен билер, халық қамын ойлаған хандар туралы жұмған ауыздарын аша алмады. Ашқан жағдайда тек теріс көзқараста пікір біл-

Егемендік ала салып, тәуелсіз елдің тәуелсіз тарихын зерттеудің алдыңғы шебінде жарқылдап жүріп, өндіріп еңбек етіп, жыл сайын тарихи маңызы өте жоғары құнды кітаптар жазып, оларды баспадан шығару кез келген зерттеуші ғалымның қолынан келе бермейтін үлкен шаруа еді.

Мұндай қиын шаруаларды тындыру Жанұзақ Қасымбайұлы сияқты ғалымдардың қолынан келді. Өйткені жылына мың сағаттық оқу жүктемесін сапалы орындаудан тыс, үнемі тынымсыз зерттеу жұмысымен айналысқан ғалым бұрынғы КСРО-ның ірі-ірі ғылыми орталықтарындағы мұрағаттар мен ғылыми кітапхана қорларынан қазақ тарихына байланысты қажетті құжаттарды тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрып-ақ жинастырып үлгерген болатын. Еліміздің болашақта тәуелсіздікке қол жеткізетініне ол кәміл сенген еді. Сондықтан да тәуелсіздіктен бұрын дүниеге келген өзінің ұлына қазақ халқының қамын ойлаған ұлы хан Абылайдың есімін берген болатын.

Профессордың қаламынан тұлғатануға

рай атып, қайсар тарихшы Е.Бекмахановтың еңбектері қайтадан жарық көріп, қазақ халқының зиялы оқырманымен қайта қауышты.

Ұлағатты ұстазымыз Жанұзақ Қасымбайұлының еңбектерінің мақсаты — Кенесары ханның саясатшылдығын, дипломатиялық өнерін, әскери қолбасшылық талантын жете зерттеп, мәселенің көмескі жақтарын айқындау болатын. Қолбасшылық шеберлігін суреттеп жеке мақалалар да жазды.

Кенесары хан мен Ресей әкімшілігі арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар, Кенесары хан мен Орта Азия хандықтарының байланыстары, Кенесары мен қазақ қауымы, Кенесарының патша әскерлеріне қарсы жорығы, қырғыздармен болған шайқастағы Кенесары мен Наурызбайға қоса 19 сұлтанның қаза болуы, олардың барлығының басының алынуы мәселелері ғалым еңбектерінде тарихи құжаттар негізінде шынайы суреттелген. Халықтың азаттығы үшін болған қасиетті соғыста шейіт болған батырлардың қиын тағдырлары кейінгілерге ащы сабақ, олардың ерлік істері болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалғанын жаза келе, Кенесары қозғалысының Қазақ елінің бостандығы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі үшін үлкен тарихи маңызы бар оқиға екендігін дәлелдейді.

Профессор Ж.Қасымбаев Абылай хан туралы да сүбелі зерттеулер жүргізді. Бүгінгі күндері Қазақстанның барлық аймақтарында аты аңызға айналған Абылай ханның 300 жылдық мерейтойы жан-жақты, кең көлемде аталып өтіп жатыр. Осыдан он шақты жыл бұрын, ел Президенті Н.Назарбаев: «Иә, Абылай аңызға айналған тұлға, бірақ біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек. Оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек» деп тамаша ой айтқан еді.

Осындай керемет ойдың заңды жалғасы Елбасының өткен жылдың 2 қазанында барлық БАҚ беттерінде жарық көрген, оқырмандар арасында қызу қолдау тауып, талқыланып жатқан «Абылай аңсаған азаттық» деп аталатын көлемді мақаласы болды.

Елбасы өз мақаласында Абылай хан мен Бұқар жырау арасында өрбіген, тәрбиелік маңызы өте зор, қара халықтың қамын жеген, елді елдікке жеткізуді ойлаған Абылай сынды арыстың асыл армандары туралы болған әңгіме жөнінде ой өрбітеді.

Ғалым өз еңбектерінде көптеген хан-сұлтандарға, билер мен батырларға, төңкеріске дейінгі қазақтар арасынан шыққан Ресей армиясының генералдарына да тоқталып, олардың саяси-қоғамдық қызметіне баға беріп, қазақ тарихының зерттелмей қалған тұстарының сырын ашады. Әрине, бұл мәселелер бір мақала көлемінде шешуін таба қоймайды. Арнайы зерттеуді қажет етеді.

Дей тұрсақ та, Жанұзақ Қасымбайұлы шығармаларының ішінен тұлғатануға байланысты тағы да бір тоқталып өтетін мәселе ұлт-азаттық қозғалыстың басшыларына арналған еңбектері. Ғалымның әр жылдардағы жазған ғылыми мақалаларының бір тобы Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің батырларына арналған еді. Бұл зерттеулерінде ғалым көтеріліс басшыларының көпшілікке беймәлім тұстарын мұрағат қорларынан алынған бұлтартпас деректерге сүйене отырып оқырмандарды хабардар етеді.

Ғалым шығармашылығындағы зиялы қауымды бей-жай қалдырмайтын ерекше еңбек, басқалардан шоқтығы биік тұратын туынды қазақтың данышпан ақыны Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы туралы жазылған шығарма. Тарихқа таптық көзқарас тұрғысынан зерттеу жүргізілген уақытта Құнанбайдың өз заманының білгірі, алғыр шешен, елдің көсемі болғанын, ақылды, данышпан адам екендігін, қазақ өлкесіне жер аударылып келгендердің оны «дала фило-

софы» деп мойындағаны ескерілмей, көп жағдайда тарихи және көркем әдебиеттерде шындық-қа кереғар пікірлер басым болған кездер болғанын еш жасыра алмаймыз. Тіпті баласын әкесіне, әкесін баласына қарсы қойған жағдайлар да кездесіп қалатын еді. Жанұзақ Қасымбайұлы Құнанбай Өскенбайұлы туралы жазған өз еңбегінде осының бәрін жоққа шығарып, Ұлы ақынның өкесінің қазақ қоғамында өзінің ойып алатын орнын бар екенін, XIX ғасырдағы Қазақстан тарихындағы белгілі қайраткерлердің ішіндегі Ресей билеушілерінің де, қазақ қауымының да алдында аса беделді болғанын дәлелдейді. Абайдың ұлы ақын болуына да өкесінің сүңірген еңбегінің аса зор, ықпалының өте күшті болғанын байқаймыз.

Профессор Ж.Қасымбаевтың өмірден оған ақпан айында он жыл болады екен.

Уақыт өткен сайын Қазақстан тарихының дамуына, тәуелсіз мемлекетіміздің тәуелсіз тарихының қалыптасуына аса зор үлес қосқан көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, талантты тарихшы, аяулы азамат Жанұзақ Қасымбайұлының артына қалдырған мол ғылыми мұрасының құндылығы күннен күнге артып бара жатқандай.

Ж.Қасымбаев тек ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы, шәкірттеріне терең білім беретін ұлағатты ұстаз да еді. Ғылыммен айналысуға ниет білдірген жастарға дұрыс бағыт беріп, XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихының ең күрделі мәселелерімен айналысуға мол мүмкіндіктер жасап берген сол жұмыстың нәтижелі болуын қадағалайтын. Ғылыммен айналысатын ізденушілерге қатаң талап қоя білетін, көкейтесті мәселелерді әділ шешетін нағыз жанашыр ұстаз болатын. Соның арқасында ғалым көзі тірі кезінде 40-қа жуық ғылым кандидатын, 3 ғылым докторын дайындап, ғылыми қадрлар дайындауға зор үлес қосты.

Ол шәкірттерін жақсы көрді. Сол себепті мүмкіндігі мен қабілеті бола тұрса да, басшылық қызметтерге ұмтылмады. Тек ғылыми жұмысына байланысты кафедра меңгерушісі болумен және диссертациялық кеңесті басқарумен шектелді. Өйткені бұл қызметтер өзінің ғылыми мектебін қалыптастыруда өте қажет болды. Ғалымның ғылыми мектебі қалыптасты. Оның өкілдері еліміздің білім беру және ғылымның әртүрлі салаларында жемісті еңбек етуде.

Ол сабаққа үлкен дайындықпен келетін. Қазақ және орыс тілдерінде өте шешен сөйлейтін, сабақты асқан шеберлікпен өткізетін. Мектеп мұғалімдеріне өз көмегін аямайтын, орта мектептердің 9-сыныбына арналған Қазақстан тарихының оқулығын жазды. Бұл оқулық жыл сайын баспадан қайтадан басылып шығып, жас ұрпақтың білім алуына мол көмегін тигізуде.

Жанұзақ Қасымбайұлының ғылым мен білім беру ісіндегі зор еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 1999 жылғы 14 желтоқсандағы Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды. 2003 жылы 8 қарашада «Қазақстан Республикасының білім беру ісіндегі құрметті қызметкері» төсбелгісіне ие болды. Бұдан басқа да мақтаулары мен марапаттары жеткілікті. Өзінің туған ауылындағы орта мектеп ғалым есімімен аталатыны да кейінгі ұрпақ үшін зор мақтаныш.

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Жанұзақ Қасымбайұлының құрметіне жыл сайын Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Қасымбаев оқулары» өткізіліп тұрады.

«Тау алыстаған сайын, биіктей береді» дейді халық даналығы. Десе дегендей-ақ, уақыт озған сайын тау тұлғалы тарлан тарихшының ғылыми еңбектерінің құндылығы арта түсуде.

Ғалым аға туралы көлемді еңбектер жазу болашақтың ісі деп ойлаймыз.

Талдыбек НҮРПЕЙІС,
тарих ғылымдарының кандидаты

Тарлан тарихшы

Тарихы жоқ елдің болашағы жоқ, өткенін білмеген елдің болашағы да бұлыңғыр екені баршаға аян. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, азғана уақыт ішінде, халқымыздың басынан кешірген тарихын қайта зерттеп, ақтаңдақтардың ақиқатын айқындау мәселесі елдігімізді танытар мемлекеттік деңгейде аса маңызды істердің бірі болып отыр.

Елді елдікке, ынтымаққа, бірлікке баспайтын және сол жолда жанын сала күресетін ерлерді туғызатын заман. Қазақ халқы өзінің бұрын-соңды тарихында басынан небір қилы заманды өткізген. Олай болса, талайлы тағдыр өмірден із-түзсіз өте шығуы мүмкін емес. Тарихтың тұңғыш терең қатпарларына көз жіберер болсақ, елдің есі мен санасында ұзақ уақыттан бері сақталып келе жатқан сан қилы орасан оқиғалардың салықалы соқпақтарын аңғарамыз. Сол соқпақтардың өне бойында еліне елеулі еңбек сіңіріп, қаһармандық қызмет атқарған ірі тұлғалардың өмір жолдары мен тарихта қалдырған іздері әлі күнге дейін сайрап жатыр. Халық өз басына қатер төнген шақтарда, тағдыры таразы басында түскен алмағайып ауыр сәттерде бар күш-қайратын әлгі зобалаңға қарсы қойып, ақыл-парасатымен, білегінің күшімен, асқан ерлігімен араша түсіп, сол жолда шыбын жанын аямаған, елінің тәуелсіздігін, ұлтының бостандығын қорғаған нар тұлғалы алып азаматтардың көзсіз ерліктерін де, аяулы да ардақты есімдерін де ешуақытта ұмытпайды. Қайта уақыт өткен сайын қадір-қасиетін арттырып, төбесіне көтере түседі.

Кейінгі жылдары Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен және тікелей қадағалауы бойынша төл тарихымызды ешбір жалтақтамай зерттеп саралауға, оған ұлттық таным тұрғысынан баға беруге кең жол ашылып, соны мүмкіндіктер туып отыр. Осы уақыт аралығында ұлт тарихын жаңаша парақтап, зерттеп, зерделеуде түрлі ғылыми ұйымдар мен мекемелер, жекелеген ғалымдар өз үлестерін қосып келеді.

Есімдерін халқы ардақ тұтатын, ұлы даланың тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қасиетті күресте бар күш-жігерін аямаған, жандарын пиде еткен қайраткерлердің ерлік істерін терең зерттеп, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру жолында қалам тартқан тарихшы-ғалымдардың арасында профессор

діріп, халыққа қарсы қойды. Әрине, заман солай болды.

Алайда тарихшы деген қасиетті кәсібіне адалдығын сақтай білген, өз ісінің білгір майталмандары да болды. Бұл айтқанымызға тарих куә, тарлан тарихшы, қайсар ғалым Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов сынды үлкен ғалым, ұлағатты ұстаздардың басынан кешкен қиын тағдырлары куә. Еліміз тәуелсіздігін алмай тұрғанда-ақ ҚР ҰҒА академиктері Р.Сүлейменов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс сияқты бір топ ғалымдар тұлғатану ісіне өз үлестерін қосып, халыққа қамқоршы болған, елге еңбегі сіңген көрнекті қоғам қайраткерлері туралы көлемді еңбектер жазған еді. Тәуелсіздік алған соң бұл жұмыс одан әрі қарқынды түсті.

Тарих ғылымының тұлғатану саласына дарынды тарихшы-ғалым Жанұзақ Қасымбайұлының қосқан үлесі ерекше қомақты деп айтуға әбден болады. Ғалымның еңбектерінің барлығы дерлік тарихи шындықтан ауытқымай, ақиқатқа негізделіп жазылған туындылар. Коммунистік идеологияның асқынып тұрған кезінде ғылым жолына түскен ағамыз көптеген монографиялар мен 600-ден асқан мақалалар жазды. Қазақстанның Ресейге қосылуына арналған еңбектерінде, қалалар тарихына арналған шығармаларында, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеп жазған туындыларында өте мол мұрағат қорларынан алынған құжаттар мен тарихи әдебиеттерге негізделген тек шынайы шындық қана бар.

Профессор Ж.Қасымбаевтың университетті үздік бітіргеннен кейін бар-жоғы он бес жылдың ішінде ғылым докторы дәрежесіне жетіп, профессор атағын алуы оның талмай ізденіп, ерінбей еңбектенгенінің арқасында болды.

Семей қаласының төңкеріске дейінгі кезеңіне арналған кандидаттық, Шығыс Қазақстан қалаларының тарихына арналған докторлық диссертациясы негізінде жазылған алғашқы көлемді шығармалары мен тарихи зерттеулерінен басқа туындыларының барлығы дерлік қазақ қоғамында артына ерекше із қалдырған хандар мен сұлтандардың, билер мен батырлардың тарихи тұлғаларын және солар өмір сүрген тұстағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірін зерттеуге арналған десек еш қателеспейміз.

байланысты қазақ хандары Әбілқайыр, Абылай, Нұралы, Ералы, Есім, Айшуақ, Жантөре, Кенесары және Барақ және Баймұхамед Айшуақов сұлтандар сияқты ірі-ірі қоғам қайраткерлері туралы құнды еңбектер туды.

Әсіресе, тарихшының қазақтың үш жүзінің өкілдері мойындап, ақ киізге отырғызып хан көтерген, ондаған жылдар бойы аттан түспей азаттық үшін жанын қиған Кенесары хан туралы зерттеп жазған еңбектерін жеке бөліп айтуға болады. Отаршылдыққа қарсы бағытталған қазақ халқының азаттық күресінің күрделі мәселелерін шын мәнінде терең зерттеуді тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бастаған ғалымдардың алдыңғы шоғырында Жанұзақ Қасымбайұлы жүрді. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының тарихы аты-шулы «Бекмаханов ісінен» кейінгі уақыттарда зерттеу түгілі, қайта айналып соғуға болмайтын, мәңгілік жабық тақырып болып қалған еді. Осы тарихи оқиғаға толы тақырыпты шынайы, айғақты ақиқат көзімен қайта қарауды қолға алған профессор Ж.Қасымбаев болды. Ғалым Кенесары ханның жеке басына арнап, оның саяси қайраткерлігі, мемлекеттік қызметі мен ұлт-азаттық күресінің ұйымдастырушылығы мен оған жасаған басшылық қабілеті туралы көптеген мақалалар мен монографиялар шығарды. Азаттық үшін болған қозғалыстар тарихи сөз болған әрқилы деңгейлерде өткізілген ғылыми форумдар мен дөңгелек үстелдерде және бұқаралық ақпарат құралдары (газет-журналдар беттерінде) арқылы сөйлеген сөздерінде ғалым «қазақ өлкесіндегі жүргізілген Ресейдің отаршылдық саясатын әшкерелеп, бұл мәселені жаңа талап тұрғысынан зерттеуге жол ашты. Коммунистік идеологияның қыспағынан арылып, бостандық самалының есуі тарих ғылымында «зерттеуге тыйым салынған» тарихи оқиғаларды жаңа деректерге сүйеніп, мазмұнын ашуға мүмкіндік туғызды. Әсіресе, қазақ қауымының көңілінде жүрген Кенесарының аянышты тағдыры, ол басқарған 1837-1847 жылдардағы бүкілхалықтық көтеріліс мәселелерін қайта көтеруде» тарихшы Ж.Қасымбаев жоғары белсенділік көрсетті.

Кенесары туралы бұрын жазылған І.Есенберлиннің, М.Әуезовтің туындылары қазақ қауымының санасын бір сілкініп тастаған кез болған еді. Енді, тәуелсіздік таңы жарқы-